



201 _____ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

от « _____ » _____ 201 _____

№ _____

№ _____

№ исх: 20-11/869 от: 17.04.2017

**Қазақстан
Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ұлттық коммунистер»
фракциясының
депутаттарына**

*2017 жылғы 16 наурыздағы
№ ДС-71 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің 2017 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында айтылған регрессші-шахтерлардың проблемалық мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызға қатысты келесіні хабарлаймыз.

Бүгінгі «регрессші-шахтерлар» көтеріп отырған мәселелерді жан-жақты зерделеп, талқылау үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жанынан арнайы құрылған жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) әрекет етеді (*Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 41 бұйрығы*).

Көрсетілген жұмыс тобы құрылған сәттен бастап 6 отырыс, оның ішінде Шахтинск қаласында да өткізілді.

Отырыстар барысында қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру мәселелері бойынша 2015 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістер бойынша түсініктеме берілді.

Сонымен қатар, жұмыс тобы «АрселорМитталТеміртау» АҚ-ның «регрессшілердің» «МФ Гиппократ» ЖШС-да медициналық көмекті алғандары үшін зиянды өтеу бойынша қарыз сомасын жабуға жәрдем көрсетті.

«Регрессшілердің» бастамашыл топтары әзірлеген ұсыныстар жүйелі сипатқа ие және Азаматтық кодекс пен «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру

туралы» Заңға тұжырымдамалық өзгерістер енгізуді талап етеді және сақтандыру жүйесінің барлық қатысушы-тараптарының, оның ішінде жұмыс берушілер мен сақтандыру компанияларының келісімінсіз рұқсат етілмейді.

Бұл ретте ұсыныстарды қабылдау сақтандыру жүйесінің тұрақтылығына кері әсер етпеуі қажет.

Қазіргі уақытта сақтандырудың барлық қатысушыларының *(жұмыскерлердің, жұмыс берушілердің және сақтандырушылардың)* мүдделері балансын есепке алу мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, аяқталуы ағымдағы жылғы үшінші тоқсанның соңына жоспарланған «регрессші-шахтерлар» ұсыныстарының сақтандыру компаниялардың қаржылық тұрақтылығына әсерін бағалау жөнінде актуарлық зерттеу жүргізуде.

Зерттеудің қорытындылары барлық мүдделі тараптардың қатысуымен қаралатын болады.

Аталған мәселе бойынша жүргізілген жұмыс нәтижесі туралы Сіздерге Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қосымша ақпарат ұсынатын болады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев